

"Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 141 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2011 жылғы 24 қарашадағы № 597 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 қарашада N 7317 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 13.03.2013 № 71 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6148 болып тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

07 «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобында:

3 «Елді-мекендерді көркейту» функционалдық кіші тобында:

458 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мынадай мазмұндағы 035 бюджеттік бағдарламамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«035 Семей ядролық полигонының жабылуының 20 жылдығына орайластырылған іс-шараларды өткізуге байланысты Семей қаласының инфрақұрылымын абаттандыру және жөндеу»;

10 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» ф у н к ц и о н а л д ы қ т о б ы н д а :

9 «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер» функционалдық кіші тобында:

212 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі» бюджеттік

бағдарламалар әкімшісі бойынша:
мынадай мазмұндағы 077 бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:
«077 Салықтық және өзге де берешектерді өтеу»;
шығыстардың экономикалық сыныптамасында:
1 «Ағымдағы шығындар» санатта:
02 «Сыйақылар төлеу» сыныбында:
210 «Ішкі қарыздар бойынша сыйақы төлемдері» кіші сыныбында:
212 «Республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері» ерекшелігі мынадай редакцияда
жазылсын:

«212 Жоғары тұрған бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері»;
5 «Қарыздарды өтеу» санатта:
07 «Қарыздарды өтеу» сыныбында:
710 «Ішкі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу» кіші сыныбында:
мынадай мазмұндағы 714, 715 ерекшеліктермен толықтырылсын:
«714 Бюджет кредиттерінің пайдаланылмаған сомасын қайтару
715 Бюджеттік кредиттерді мақсатсыз пайдаланудың сомаларын қайтару»;
көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

Қазақстан Республикасы бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымында:
210 кіші сыныбында:
212 «Республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақылар төлемдері» ерекшелігі мынадай редакцияда
жазылсын:

«Жоғары тұрған бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері (мүдделер)»;
«Анықтама» бағанында:

«Республикалық бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері (мүдделер)» ерекшелігі мынадай редакцияда
жазылсын:

«Жоғары тұрған бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері (мүдделер)»;

2. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н.Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны мемлекеттік тіркеу күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндетін атқарушы

Р. Дәленов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК